



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ



### ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЕЛШІНІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ҚХР-дағы жаңадан тағайындалған елшісі Шахрат Нурышевты қабылдады.

Әңгімелесу барысында Президент Қытай Халық Республикасымен арадағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселесіне назар аударды.

Жоғары деңгейдегі келісімдерді, соның ішінде Мемлекет басшысының Биылғы ақпан айында Пекинге жасаған сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру қажет екеніне баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-транзиттік ықпалдастықты, экономиканың маңызды секторларындағы серпінді инвестициялық жобаларды дамытудың, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы байланыстарды нығайтудың маңызды екенін атап өтті.

Халықаралық және өңірлік деңгейдегі, соның ішінде ШЫҰ, АӨСШК алаңдарындағы байланыстарды нығайту мәселелері де жаңадан тағайындалған Елшінің жұмысындағы маңызды бағыттардың қатарына қосылды.

## ● МӘСЛИХАТ

Облыс әкімі:

### Жұмсалған қаржының тиімділігі мен нәтижесі маңызды

Кеше облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, депутаттар, басқарма басшылары және аудан әкімдері қатысты.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Сессияда облыс әкімі сөз алып, алда тұрған бірқатар негізгі міндеттерге тоқталды.

— Алға қойған мақсат, жоспар, жоба көп. Аталған мәселелер өзектілігіне қарай кезең-кезеңімен шешіледі. Бұл ретте әрбір жұмсалған теңгенің тиімділігін, нәтижесін ұмытпауымыз керек. Өңір экономикасы мұнай-газ секторындағы шикізат өндірісінің төмендеуіне қарамастан, оған тәуелділігінен арылған жоқ. Біз алдағы уақытта жаңа кен орындарын игеруге жұмыс істейміз.

2-бет



## ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

### Өңірді дамыту мәселелері жан-жақты қаралды

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына арналған кеңейтілген жиын өткізді. Отырысқа облыстық мәслихат хатшысы, облыс әкімінің орынбасарлары, аудан әкімдері мен барлық департамент және басқарма басшылары қатысты.

Жиында әкім орынбасарлары өздері жетекшілік ететін салалардағы негізгі басымдыққа не бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Облыс әкімі өңірдің негізгі макро-экономикалық даму көрсеткіштерінің басым көпшілігі республикалық деңгейдегі орташа көрсеткіштен төмен екенін ескерті және инвестицияларды тарту жұмысын тез арада күшейтуді тапсырды.

Жиында өндірісті, шағын және орта

бизнесі дамыту, инвестициялар тарту бағытында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізілді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы және жер дауы мәселелері де шет қалмады, яғни шаруа қожалықтарына бөлінетін инвестициялық субсидиялардың жымқырылғанын және бірнеше елді мекендегі жер дауы жайлы айтып, осы мәселелерді бақылауды тапсырды.

2-бет

## ● СУДЫҢ ЖАЙЫ

### Су пайдалану лимиті белгіленді

Нақты кезеңде Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 200 текше метр су жіберілуде. Бүгінде «Шардара» су қоймасында жинақталған су көлемі 5 млрд текше метрді құраса, «Көксарай» су реттегішінде 783 млн текше метр су жиналды. Қазір аймақта 21 канал тазаланып жатыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов хабарлады.

— Биыл жалпы ұзындығы 1034 шақырымды құрайтын 162 каналды тазалау, 156 дана насос қондырғысын саптып алу және 322 дана гидротехникалық құрылысты жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар облыстық бюджет есебінен «Келінтобе» магистралды каналының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленеді. Бірнеше аудан каналдары тазаланып, елді мекендерге 23 насос қондырғысы жеткізіледі, — деді

басқарма басшысы.

Облыс аумағынан секундына 450 текше метр су өтуде. Ал 16 сәуірден бастап «Көксарай» су реттегішінен төменге 200 текше метр су босатылады.

— Қазір «Қызылорда» су торабынан 382, «Әйтеке» су торабынан 259 текше метр су өтуде. Алдағы уақытта вегетация кезеңінде «Шардара» су қоймасынан секундына 500 текше метр су жіберіледі деген болжам

бар, — деді «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы су пайдалануды басқару мен реттеу бөлімінің басшысы.

— Су тапшылығының алдын алу үшін вегетация кезеңіне дейін ұзындығы 50,1 шақырымды құрайтын 9 каналға механикалық тазарту жұмыстары межеленген болатын. Қазір 6 каналды тазалау жұмыстары толық аяқталды. Вегетация кезеңінде «Шардара» су қоймасынан болжамды түсетін 2,3 млрд текше метр суды есепке ала отырып, осы жылға арналған су пайдалану лимитін белгіледі. Үкіметтің резерві есебінен облыс бойынша республикалық меншіктегі 17 каналға механикалық тазарту жұмыстары жоспарланды, — деді «ҚазСуШар» РМК облыстық филиалы директорының орынбасары Жорабек Ернараров.

«СБ» ақпарат



### Дағдарысқа қарсы шаралар

Әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты Қазақстан экономикасы жаңа қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр. Үкімет дағдарысқа қарсы шаралар кешенін жүзеге асырып, Ұлттық банк қаржылық тұрақтылықты сақтау бағытында жұмыс жүргізуде. Мұндай кезде Қазақстан Республикасының халықаралық резервтерін сақтау мәселесі өте өзекті болмақ. Қазіргі ақша-кредит саясаты осыны көздейді.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

3-бет



### Жол картасы: меже мен нәтиже

Кеше «AMANAT» партиясы облыстық мәслихаттағы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Онда «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық және облыстық Жол картасының 2021 жылға орындалуы және биыл I тоқсандағы атқарылған жұмыстар қорытындыланды.

3-бет

**БАСПАСӨЗ – 2022**

### Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.







ЖОБА

Қызылорда облысының 2022 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормаларын, сондай-ақ Қызылорда облысының 2022 жылға арналған тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдерін бекіту туралы

«Агромеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурызтағы №107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіміне № 20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Бекітілсін: 1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының 2022 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары; 2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының 2022 жылға арналған тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері; 3) «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін; 4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүгелтсін; 5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «...» №... қаулысына 1-қосымша

Қызылорда облысының 2022 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары

Table with 5 columns: №, Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері, Тыңайтқыштың әсер ету заттарының құрамы, %, Өлшем бірлігі, Субсидиялар нормалары, тенге/ тонна, литр, кг. Rows include Ammonium nitrate, Urea, Ammonium sulfate, and various fertilizers.

Table with 4 columns: №, Құрамы, Тыңайтқыш маркасы, Өлшем бірлігі, Тонна. Rows include various fertilizer brands like N-33, S-12, N-35, S-7, N-40, S-4, etc.

Table with 4 columns: №, Құрамы, Тыңайтқыш маркасы, Өлшем бірлігі, Тонна. Rows include various fertilizer brands like N-16, P-16, K-16, S-2, Ca-1, Mg-0,6, etc.

Table with 4 columns: Product Name, Composition, Unit, and Quantity. Includes items like 'Тыңайтқыш Yara Mila NPK 9-12-25', 'Тыңайтқыш YaraRega 9-5-26', etc.

Table with 4 columns: Product Name, Composition, Unit, and Quantity. Includes items like '91 Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Thiokraft', '92 Минералды тыңайтқыш SWISSGROW Fulvimax', etc.

Table with 4 columns: Product Name, Composition, Unit, and Quantity. Includes items like '142 Нановит Молибден', '143 НАНОВИТ АМИНО МАКС', '144 НАНОВИТ ТЕРРА маркасы 5:20:5', etc.



Main table with 5 columns: Item ID, Name, Composition/Formula, Quantity, and Unit. It lists various agricultural products and fertilizers.

Table with 4 columns: Product name, Composition, Unit, and Price. Includes various fertilizers like Tribodun Foliar, NutriMap, and Terra Nova.

Table with 5 columns: Product name, Composition, Unit, Price, and Notes. Includes various fertilizers like Radix, Folcrop, and Samppi.

ТҰСАУКЕСЕР
Жалағаш ауданында ұлағатты ұстаз, ақын, талантты сазгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Айкүміс Орынбаеваның «Көктемді сендермен қарсы алам» атты кітабының тұсауесері өтіп, оқырманға жол тартты.

ӘН ҚАЛЫҚТАҒАН ӘСЕРЛІ КЕШ



Аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен рухани әсері мол, тағлымды кеш өтті. Кешке ауданның зиялы қауымы, ардагерлер және қарапайым оқырмандар қатысты.

Қоғамдық кеңес төрағасы, ауданның құрметті азаматы К.Сүлейменов, аудандық мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева құттықтау лебізін білдіріп, кеш иесінің шығармашылығы жайында ой-толғауларының ортаға салды. Елорда төрелік актінің жолдаған ҚР Мәдениет қайраткері Т.Мусаевтың құттықтарына орай, кеш иесінің қолына асыл қасиеттері жайында айтып, өршіл де рухты шығармашылығы жоғары бағалады.

Әлеуметтік бейімдеудің маңызы

Өткен тоқсанда түзеу мекемелерінен жазасын толық өтеп шыққан, пробация қызметі мен жергілікті полиция қызметінің есебінде тұрған 91 адам есепке алынып, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілді, оның 8-і – әйелдер. Жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың мекен-жайларында болып, олардың туған-туысқандарымен кездесулері өткізіліп, 4 адамға зерттеу актісі жасалды.

Table with 3 columns: №, Облыс атауы, Субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемі, тенге.

